



№20 (9907)
11 наурыз
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Жалағаш

Жаршысы



Құрмет

Мерейтой иесі құрмет төрінде

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ел дамуына елеулі еңбек сіңірген «Құрмет» орденінің иегері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Өмірбек Шәменовті 70 жас мерейтойымен құттықтады. Салтанатты жиында аймақ басшысы сырбойылықтардың еңбектің парқын білетінін, қадірі мен қасиетін барынша жоғары бағалайтынын атап өтті.



— Мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп, кіндігі байланған еліне адал қызмет етіп, абыройға, сый-құрметке бөленген салиқалы аға буынның арасында Өмірбек Мәрәліұлының тұлғалық келбеті, адами болмысы ерекше. Сындарлы сәтте ел мүддесі үшін аянбай қызмет атқарғаныңызды ел бағалайды.

Құрметті Өмірбек Мәрәліұлы, қажырлы еңбектің зейнетін көрген бүгінгі мерейтойыңызда деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, сарқылмас күш-қайрат, құт-береке тілеймін! Атқарған істеріңіз ұрпақтарыңыз бен ізбасарларыңыздың, барша жерлестеріңіз бен дүйім халқымыздың игілігіне жарасын! Сізді ақ пейілді Сыр жұртшылығының атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз, — деді облыс әкімі.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан Өмірбек Мәрәліұлына Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы табысталды.

Мерейтой иесін Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Садық Әлиев, қоғам қайраткері, Жалағаш және Қармақшы аудандарының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Шахизат Төребаев және қоғам қайраткері, Арал, Жалағаш, Қармақшы аудандары және Қызылорда қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Биғали Қаюпов құттықтады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Өмірбек Шәменов 1953 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1971 жылы Жалағаш аудандық су жүйелері басқармасында техник болып бастаған. 1972-1974 жылдары «ПМК-9» мекемесінде экономист, инженер, мастер, учаске бастығы, 1981-1993 жылдары «ПМК-17» мекемесінде бас инженер, аудандық құрылыс жөндеу мекемесінің бастығы, аудандық жұқ тасымалдау-автотранспорт кәсіпорнының басшысы, «Коммунизм» совхозының директоры қызметін атқарды. 1993-2007 жылдары «Мәрілі Шәменов» атындағы өндірістік кооперативтің, кейін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің төрағасы қызметінде болды. 1999-2003 жылдары облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

2007-2011 жылдары Жалағаш ауданының әкімі, облыстық жоласушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Аудан әкімі қызметін атқарған кезде Жалағашта әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер бой көтеріп, жаңадан инженерлік инфрақұрылымдар, көптеген ауылда ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жүргізілді. Жол саласын басқарған тұста да облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар жолдардың жағдайын жақсартуға белсене атсалысты.

Салтанатты шара



Ана — шаттық, ана — гүл

Жер бетіндегі бар тіршілік нәр алып, табиғат оянып, бәйшешек гүлдер көңілге қуаныш ұялататын көктемнің алғашқы мерекесі аналарға арналған. «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын ерекше бағалайтын, ананы қастерлеп сыйлайтын халықтың бірі де бірегейі — қазақ. Әйел-Ана — ұлтымыздың бойындағы бар жақсы қасиеттерді тіліп, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, дарытушы.

Жалпы, ананды Меккеге үш рет арқалап алып барсаң да перзенттік парызыңды өтей алмайсың. Бұл сөздің астарында «Ана» деген асыл аттың құдіреті жатқандай. Тоғыз ай құрсағында көтеріп жарық дүниеге әкелген, тұн ұйқысын төрт бөліп ақ сүтін берген, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген ардақты аналарға жылдың бір күнінде ғана емес, әр күн сайын құрмет көрсетсек те артық етпейді.

Қашанда еліңе тұтқа, ұрпаққа пана болған тіршілікке нәр берген, адамзатқа өмір сыйлаған анадан құдіретті, анадан ардақты, анадан аяулы жан жоқ. Тіршіліктің тірегі, отбасының берекесі, барша адамзаттың тәрбиешісі де — ана. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі де тек аналармен ажарлы емес пе? Көктем шұғыласын шашқанда, қар астынан қылтып бәйшешек көрінгенде, қыз-келіншек құлпырып, тіршілік жанданғанда адамзат әйел затына алғыс айтып, құрмет көрсетеді. Өйткені тіршіліктің бастауы да, қайнары да, қантамыры да — әйел. 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында аудан аналары ерекше құрметке бөленіп, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. «Әлемді тербеткен ана»

атты мерекелік кешке жиылған жұртшылықты алдымен аудан әкімінің міндетін атқарушы А.Нұрмағанбетов құттықтап, аудан әкімінің жылы лебізін жеткізді.

— Баршаңызды көктемнің шуақты да шырайлы мерекесі 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Адамзат үшін анадан құдіретті, анадан ардақты, анадан аяулы ештеңе жоқ. Сондықтан әлемдегі ең жоғары мадақ пен құрмет аналар қауымына арналады. «Отан отбасынан басталады» десек, отбасының тілегі де, жүрегі де — Аналар. Бала тәрбиесіне қашан да ұлт тәрбиесі деп қараған дана халқымыз ұрпағын дүниеге әкеліп, бағып-қағып, жүрегінің жылуын аямаған аналарды ардақтай да, аялай да білген.

Әйел затына құрмет көрсетіп, олардың жүрегіне қуаныш сыйлау үшін көктемді күту, осы мерекені тосу міндетті емес. Анаға, әйелге, қыз-келіншектерге жылдың қай мезгілінде болсын қуаныш сыйлау артық етпейтіні тағы белгілі. Бұған таласар жан жоқ шығар. Өйткені қазақ әйелінің болмысы, тектілігі, даналығы мен даралығы бүтіндей бір ұлттың сақталуында орасан үлес қоса алды, — деген Арнұр Нұрмағанбетов қашаннан

қазақ әйелінің орны ерекше құрметке лайықты екенін де атап өтті.

Иә, Әйел ерқашан ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі. Ал бұл мереке — барша әйелдер қауымына деген шынайы құрметтің белгісі. Мәдениет үйіндегі салтанатты шарада «Ана» деген қасиетті атқа ие болып, батыр ана атанған алтынқұрсақты аналар марапат төрінен көрінді. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов бір-қатар көпбалалы анаға құмис, алтын алқаларын тапсырса, әр салада елеулі еңбек етіп жүрген қыз-келіншектерге облыс әкімінің алғыс хаты мен аудан әкімінің құттықтауын табыстады. Мұнан соң салтанатты жиын аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

Айта кетейік, ауданымызда өмірге ұрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруде үлгі-өнеге болып жүрген алтынқұрсақты аналарымыз бар. Бүгінде 1300-ден аса көпбалалы ана есепте тұрса, оның 41-і — Кеңес одағының «Батыр ана» атағына ие болғандар, ал 300-ге жуығы — «Алтын алқа», 650-дейі «Құмис алқа» медальдарының иегерлері.

Нұржамил АЛМАСҚЫЗЫ

«Amanat» партиясы қоғамдық бірлестігінен Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына бір мандаттық №6 сайлау округі бойынша үміткер Шаймағамбетов Өмірбек Бердібекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны
Шаймағамбетов Өмірбек Бердібекұлы 1963 жылы 7 наурызда Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келген. 1970-1977 жылдары Аққырдағы №188 орта мектепте, 1978-1980 жылдары Шымкент қаласындағы №44 қазақ-орыс мектебінде білім алды. Өскемен жол-құрылысы институтының Алматыдағы филиалын инженер мамандығы бойынша (1985), Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын заңгер мамандығы бойынша бітірген (1999).

1985 жылы тамыз-қараша айларында «КазДорПроект» жол жобалау институтының инженері қызметін атқарып, 1985-1987 жылдары Кеңес

әскері қатарында болды. 1987 жылы шілде-желтоқсан айларында Қызылорда қаласындағы «КазДорПроект» жол жобалау институтының жол құрылысын жобалау инженері қызметін атқарды.

Ішкі істер органдарындағы қызметін 1987 жылы желтоқсан айында Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі мемлекеттік автоинспекциясы бөлімшесінің инженері болып бастады. 1993-2002 жылдары Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі мемлекеттік автоинспекциясының бастығы, Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасы жол полиция бөлімі бастығының орынбасары, 2003 жылы ақпан айында облыстық ІІБ көші-қон полиция басқармасы бастығының орынбасары, 2004-2006 жылдары Сырдария аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

2006 жылы шілде айынан облыстық ІІД-нің көші-қон полициясы басқармасы бастығы, 2009-2012 жылдары Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының бастығы қызметін атқарды. 2012-2018 жылдары Қызылорда облысы Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары қызметін атқарып, 2018 жылдың сәуір айында ҚР Ішкі істер органдарында 30 жылдан аса абыройлы қызмет атқарып, зейнет демалысына шықты.

2018 жылдың сәуір-желтоқсан айларында «ДорСтрой» ЖШС атқарушы директоры, 2018-2021 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің құқық қорғау органдарымен байланыс, ұйымдастыру және үйлестіру істері бойынша кеңесшісі, 2021-2022 жылдары «Қызылорда Су жүйесі» ЖШС басшысының кеңесшісі қызметін атқарды. 2022 жылдың қаңтар айынан бастап Республикалық «Заң-Медиа» ЖШС Қызылорда облысы бойынша өкілі, мәшкіті тілшісі, 2022 жылдың маусым-желтоқсан айларында «Таң LTD» ЖШС басшысының кеңесшісі, 2022 жылдың желтоқсан айынан бастап «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС директорының орынбасары қызметін атқаруда.

Өмірбек Шаймағамбетов — ҚР Ішкі істер органдарының «Құрметті қызметкері», Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы», ҚР Журналистер одағының мүшесі. Облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің

Қызылорда облыстық Департаментінің әлден жөніндегі кеңесшісінің мүшесі, Отбасылы, Жұбайы Алтынхан Орыншайқызымен 2 ұл тәрбиелеп, 6 немере сүйіп отыр.

Қадірлі қауым! Ардақты ағайын! Жерлестер!
Тарихи кезеңде «Amanat» партиясы №6 бірмандаттық-аумақтық сайлау округінен облыстық мәслихат депутаттығына үміткер ретінде ұсынылса. Мақсатым — халыққа адал қызмет ету, сондықтан бұл ұсыныстан бас тартпадым.

Өздеріңізге белгілі Президенттің байырқалы бастамаларымен, аймақ басшысының жетекшілігімен өңірмізде үлкен жұмыстар жүргізілуде. Сырбойлықтарға қолайлы жағдай жасап, туған жерімізді жайлы өмірге айналдыруда ірі құрылыстардың жүргізілуі, тиімді инвестициялардың тартылуы, көптен күрмеуі шешілмей жүрген жылу-электр станциясы құрылысының басталуы, инфрақұрылым түрлерінің жаңаруы, бизнестік серіктестіктерге қолдау ауқымының кеңеюі тұралап тұрған тіршіліктердің өзегіне жан бітіруде. Осы ірі істер аудандарда да жалғасын тауып, халық игілігіне қызмет етуі тиіс.

Соған сәйкес өзіміз көптен көкейде жүрген әрі халықтың аузында жүрген күрмеулі мәселелер мен бастамаларды қолып, сайлауалды бағдарламама өңірдім, соны назарларыңызға ұсынайын!

Сайлауалды бағдарламасы

Инфрақұрылым — басты меже
Ауылды дамытудың өзекті мәселелерінің ішінде инфрақұрылым маңызды орын алады. Бұл — шешілмеген мәселелердің бірі. Ауылдық аумақтардың инфрақұрылымын басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар қарастыру кезек күттірмес мәселе. Мәселен, елді мекендердің тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы, ауылдардағы ауыз су жүйесін кеңейту, Жалағаш көнтідегі автомобиль жолдарын күрделі жөндеуден өткізу үлкен маңызға ие.

Ауылды түлету — ұлтты ұлы ету
Ауыл — қазақтың құртамыры. Сол себепті ауылға жаңа серпің, тың тыныс беру әрқаз назарда.

Ауылды көтеру ісі әр қазақты қадірлеу деген ұлттық ұстанымды көрсетеді. Әрбір қазақ өзінің өсіп-өнген ауылына игі қадам жасауды атамекенге деген перзенттік парызы деп біледі. Бұл — біздің халықта әкелден келе жатқан жақсы дәстүр.

Жалағаш ауданының ауылдарына ортақ мәселе жол жарықтандыру түйткілдерін тарқатуға, Аққым, Бұқарбай батыр, Қаракеткен, Дардабай ауылдарын газдандыру мәселесін көтеруге барынша күш саламын. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіп саласын дамыту тетіктеріне үн қосу да басты меже.

Елді мекендердегі кәсіпкерлік субъектілерін көбейту уақыт талабы. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бұл жұмыстарды жандандыру ел мен жер үшін маңызды. Ауылды түлету — ұлтты ұлы ету.

Басты бағдар — әлеумет әлеуетін арттыру
Ауылдағы әрбір тұрғын үшін әлеуметтік мәселені оңтайлы шешу әрдайым өзекті. Сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет, лайықты деңгейде білім беру, тұрақты жұмыс орындарын көбейту, мәдениет нысандарын салу кезек күттірмейді. Сайлауалды бағдарламаның негізгі арқауы да әлеуметтік саламен сабақтасады. Соңғы жылдардағы демографиялық көрсеткіштердің жақсаруы мектепте орын тапшылығын ішінара тудырып келеді. Бұл ретте заманауи үлгідегі жаңа мектептерді салу кезек күттірмейді. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» жобасын Жалағаш ауданында уақытылы жүзеге асыруға ықпал етемін.

Білім ошақтарын күрделі жөндеуден өткізу мәселесіне де ерекше екің беру керек. Биыл №123, №31, №33, №122 мектептерінің күрделі жөндеу жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтау міндеті тұр. Ауыл халқының әрбірі сапалы әрі қолжетімді медициналық қызметті алуы тиіс. Әсіресе шалғай орналасқан кейбір ауылдарда дәрігерлік амбулаторияның жоқтығы бейжай қарайтын мәселе емес.

Биыл Мырзабай ахун, Есет батыр, Қаракеткен ауылдарында дәрігерлік амбулатория салу жұмыстарын уақытылы аяқтауға депутаттық дәнекер боламын. Ауыл халқын жұмыспен қамту, әсіресе

тұрақты жұмыс көздерін ұсыну тетіктеріне басымдық беремін. Жұмыссыз жүрген жастарды көсібі оқытып, олардың бейімделісін қарай мамандықтарға бағыттауға ерекше екің берілді.

Мәдениет саласында да ілкімді істерді ілгерілету басым бағытымыз бірі. Жаңаталап, Қаракеткен, Мырзабай ахун, Аққыр елді мекенінде ауылдық клуб салу мәселесіне жете мән беріп, ауыл халқының рухани, мәдени шараларға баруына қолайлы жағдай жасау азаматтық міндетіміз бірі болмақ. Еңбекке елті, іске шымыр ауыл жастарын бұқаралық спортқа тарту, қызықтыру бағытында жаңа жобалар қолға алынады. Ауылдық жерде спорт алаңдарын салу, кәсіпкерлерді ортақ іске біріктіре отырып балалар ойын алаңдарын көбейту ісіне ерекше мән беру жоспарыма енді.

Төртін пен тұрақтылық таразысын тең ұстау — азаматтық ұстанымымыз бірі. Жастардың жат ағымның жетегіне еріп, құмар ойындардың құрбанына айналуы, түрлі теріс әрекеттерден бойын аулақ ұстауға жетелейтін тәлімі терең тәрбиелік шараларды жаңа форматта жасауға мүмкіндік бар. Маргинал жастармен әдресті жұмыс жүргізудің бағытын жанаулап, оларды түрлі жобаларға тарту, қоғамдық істерге жұмылдыру бағытында кешенді жұмыстар жаңа деңгейде шығатын болады. Мақсат бір, мүдде бір. Сенім үдесінен шығып, жерлестеріміз талабын орындау менің басты мақсатым, азаматтық ұстанымым.

Қымбатты жерлестер! Мемлекет жанауырлары!

Сайлауалды бағдарламаның әр тармағында көрсетілген бастамалар мен мәселелерді қаузаған әр сөздің салмағы мен үшін арыма жүк түсіретіндей құнды, маңызды. Онан бөлек жастарға патриоттық тәрбие беру, құқықтық мемлекеттің қабырғасын қаласу, зан салтанат құрған мемлекетте, әділетті Қазақстанда өмір сүру — менің ұлы арманым! Сол арманға жетуге халық сенімі сеп болса, ол — үлкен мұратымыз орындалғаны! Сіздерден сұрарым, тек қолдау!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

САЙЛАУ – 2023

№6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Ідірісов Рустам Болатбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Ідірісов Рустам Болатбекұлы 1985 жылы 23 мамырда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген. 1991-2002 жылдары Мәдениет ауылындағы І.Қабылов атындағы №32 орта мектепте білім алған.

2003-2007 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Химия және биология пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 2007 жылы аудандық білім бөлімінде әдіскер болып бастаған.

2007-2010 жылдары кент орталығындағы Ш.Ермаганбетова атындағы №246 орта мектепте химия және биология пәнінің мұғалімі болып қызмет етті.

2008-2009 жылдары ҚР Қарулы күштері қатарында әскери борышын өтеді.

Тынымсыз еңбекқорлық пен өзіне білдірілген сенімді жауапкершілікпен алып жүруінің арқасында 2010 жылы Жалағаш ауданының психологиялық, медициналық, педагогикалық консультациясының меңгерушісі болып тағайындалды. Үстаз деген атауды абыроймен алып жүріп қызмет еткен жылдары облыс, аудан көлемінде түрлі марапаттарға ие болды.

Қазіргі таңда Қаракеткен ауылындағы №114 орта мектеп директорының бағдарлы жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда.

Отбасылы, 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

Қадірлі жерлестер!

Мен 19 наурызда өтетін еліміз үшін маңызды ҚР-ның Мәжіліс және түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау науқанына үміткер ретінде тіркелдім. Өз туған жеріме қалтқысыз қызмет ету парызым деп ойлаймын.

Ел болған соң мәселе болады. Бірақ сол мәселенің дер кезінде шешімін табу қоғам үшін пайдалы. Сондықтан мен өзімнің білімім мен өмірлік тәжірибемді пайдалана отырып, мәслихат мінберінде халық атынан жергілікті билік өкілдеріне сауал қою арқылы, ауданға қызмет етуді жөн көрдім. Сол себепті сіздерге өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Менің алдағы мақсатым – ел сенімін арқаалап, туған өлкем және туып өскен халқым үшін тиімді де ұтымды шешімдер қабылдануына өз үлесімді қосу. Болашақтың жарқын болуы бүгіннен басталады.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауларында көрсетілген бағдарламалық тапсырмалардың жергілікті жерде іске асуына ықпал етуді басты парызым деп санаймын. Осы ретте келесі жұмыстарды қамтамасыз етуге қызмет етемін.

3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатын, «AMANAT» партиясының алға қойған міндеттерін орындау мақсатында халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға күш-жігерімді жұмсаймын.

4. Ауыл көшелерінің түнгі электр жарығымен толық қамтамасыз етілуі мен үздіксіз жарықтандырылып тұруы үшін қажетті қаржы бөлгізуге ықпал жасаймын.

5. Өскеләң ұрпақтың бойында сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісін жақсарту мақсатында педагогтардың мәртебесін көтеруге, балалардың толық мектепке тартылуын қамтамасыз етуге, тұрмысы төмен отбасы балаларына қамқорлық жасауға, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргіземін.

6. Тұрғындарды аяқ сумен қамтамасыз етуге,

мемлекеттік бағдарламалар аясында автокөлік және жаяу жүргіншілер жолдарының асфальттануы мен абаттандыру, көркейту-көгалдандыру бағытындағы жұмыстарға бюджеттен қаржы бөлгізуге және жергілікті ресурстарды пайдалануға күш саламын.

7. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін азайтуға бағытталған кешенді шаралар қабылдауға атсалысатын боламын.

8. Ауыл жастарының жұмыстан бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында әр спорт түрлерінен әуесқой көше клубтарын құруға атсалысамын.

9. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында болашақтың негізін қалайтын жастар мен жасөспірімдердің бойында жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік принциптерін күшейтуді негізге ала отырып, жүйелі жұмыстарды жандандырамын.

10. Жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында аудан бойынша көшенді шараларды қабылдау, мектеп жасынан «Бөлсенділер мектебін» ұйымдастыру арқылы еңбек ардагерлеріне көбірек көңіл бөлу жұмыстарын ұйымдастырамын.

11. Зейнеткерлер, ардагерлер, ерекше көңіл бөлуі қажет ететін жандар мен тұрмысы төмен отбасылардың мұң-мұқтажын тиесілі орындарға жеткізіп, оңтайлы шешім табуына күш-жігерімді саламын.

12. Азық-түлік өнімдері мен күнделікті тұрмыстық қажеттілік тауарларының баға регламентінің тұрақты сақталуына басым көңіл бөлемін.

13. Сайлаушылар пікірінің, сауалдары мен түйткілді мәселелерінің тиісті құзыретті органдарға жеткізілуін қамтамасыз етіп, оң шешім табуына атсалысамын.

14. Ауыл тұрғындарын арзан әрі жаңа піскен көкөністермен қамту мақсатында жылыжай салуға қолдау көрсетемін.



Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздердің қолдауларыңызға ие болып, мәслихат депутаты болып жатсам, аталған бағдарламалық іс жүзінде жүзеге асыруға барлық күш-жігерімді саламын. Алдағы саяси науқанда сіздердің тараптан белсенділікті күтемін және маған дауыс берулеріңізді сұраймын. Үміттеріңізді ақтайтын боламын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Мерекеев Жарасбек Ұлтанұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мерекеев Жарасбек Ұлтанұлы 1982 жылы 31 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген.

Отбасылы, 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Жоғары білімді, 1999-2001 жылдары Шымкент Экономика және құқық колледжін «Экономист-бухгалтер» мамандығы бойынша бітірген.

2006-2010 жылдары Алматы экономика және статистика академиясын «Қаржыгер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2002-2006 жылдары «Сәрке батыр» ЖШС-да нормалаушы, есепші және бригадир көмекшісі қызметтерінен бастаған.

2006-2007 жылдары «Арбель» ЖШС-да экспедитор, супервайзері, 2007 жылы «Дом Кредитов К» ШНҰ» ЖШС-да менеджер, аға менеджері, 2008-2011 жылдары «Алатау» ШНҰ» ЖШС-да несиес инспекторы, 2011-2013 жылдары «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да менеджер, аға менеджері, 2014-2015 жылдары «Жалағаш» ӨСҚ» ТҚ-да басқарма төрағасы, 2016-2020 жылдары «Сырдария-1» НС» ЖШС-да басқарма төрағасы болып абыройлы еңбек еткен.

Сайлауалды бағдарламасы

Қымбатты жерлестер!

Мен қасиетті Жалағаш ауданы Ақсу ауылында туып-өстім. Туған өлкемнің тарихын да, халқымын басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіріп, еңбек жолым ауыл шаруашылық саласынан бастау алып, ауыл шаруашылық саласын қарқыландыру бағытында саналуан жұмыстарға, әсіресе

халықты кәсіпкерлік саласында несиелен қамтамасыз етуге, кәсіпкерлік саласын дамытуға зор үлесімді қосып келемін және бұл бағыттағы жұмыстарымды халық біледі.

ҚР Президентінің 19 қаңтарда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел буып, Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына №6 округтен кандидат болып тіркелдім. Бұл – халқымын аманаты, мен үшін үлкен жауапкершілік. Аудандық мәслихаттың депутаттық мандаты мансап та, мақсат та емес. Мақсатым айқын, ол – халықтың сұрауын, қажетін орындау!

Өңірді жан-жақты дамытудың барлық мәселесі аудандық мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді. Өңіріміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселесін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады, өйткені депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқаалаған азамат.

Халық қалауының әділ шынысұл, адал, ел-жұрттың түйткілін түсінетін, шешу жолдарын ұсынатын адам болуы керек, саясатты саралап, заңды терең білгені абзал. «Мәжіліс пен мәслихат – салмақты ой айтылатын тұлғалар мінбері» дейді халық, сондықтан ел алдағы сайлауда көптің көңілінен шығатын тұлғаларды көргісі келеді.

Қазіргей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, мынадай өзекті мәселелердің оң шешімін табуына ықпал жасаймын.

1. Халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына және мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалардың іске асуына ықпал жасау.

2. Ауыл шаруашылығын, шаруа қожалықтарды, ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші кооперацияларды және ауыл шаруашылық өнімдерін жан-жақты өңдеуді мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыруға және инвестиция тартуға ықпал жасау.

3. Тәжірибелі қаржыгер ретінде төменгі пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, мемлекеттен бөлінетін субсидиялар мен гранттарды алуға ықпал жасау.

4. Ауыл-аймақтың аяқ су жетіспейтін жерлерін тамшылатып суару жүйесі арқылы көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарының жүргізілуіне ықпал жасау.

5. Инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде ауыл жолдарын жөндеуден өткізуге, Ақсу ауылын көгілдір отынмен қамтамасыз етуге және ескірген жоғары кернеулі подстанцияларды жаңартуға ықпал жасау.

6. Жалағаш кенті ішіндегі маршруттың біріне жүру кестесіне өзгеріс енгізіп, атап айтқанда, Ө.Тұңғышбаев көшесімен М.Әбішевтер арқылы айналып шығуына ықпал жасау.

7. Ауылдағы балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін үйірмелердің ашылуына және балалар ойын алаңдарының салынуына ықпал жасау.

8. Мәдениет және спорт саласын дамыту, оның ішінде Ақсу ауылына заманауи үлгідегі мәдениет үйі мен спорт кешенінің салынуына ықпал жасау.

9. Қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге қарсы тұратын ахуал қалыптастыруға ықпал жасау.

10. Жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтуға ықпал жасау.

11. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы бойынша жас жанұялар мен мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларды баспанамен қамтамасыз етуге ықпал жасау.

№6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Елеусінов Айдос Мырзабекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Елеусінов Айдос Мырзабекұлы 1982 жылы 17 желтоқсанда Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген.

1989-2000 жылдары №116 орта мектепте орта білім алды.

2001-2005 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде химия-биология мамандығы бойынша білім алған.

2006 жылы Ақсу ауылындағы №116 орта мектебінде химия пәні мұғалімі ретінде еңбек жолын бастаған.

2007 жылы аталған білім ордасында мектеп директорының бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

2022 жылдың тамыз айынан бастап №116 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады.

Отбасылы, 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Құрметті жерлестер!

«Жас келсе, іске» демекші, көлге тамған тамшыдай болса да өліме, мемлекетіме қызмет жасап, ауыл тұрғындарының қолайлы өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында Ақсу ауылдық округінен мәслихат депутаттығына үміткер ретінде өз кандидатурамды ұсынып отырмын.

Ақсу ауылы кент орталығына жақын орналасқандықтан ауылдың тыныс-тіршілігі маған жақсы таныс. Ауыл халқының әл-ауқатын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта кәсіптің көбірек ашылуына қолдау көрсету, ауыл жастарын мүмкіндігіне жұмыспен қамту алдымен өз адамгершілік борышым деп білемін. Сол себепті үгіт-насихат жұмыс-

тары аясында сіздерге өзімнің жүйелі жоспарланған сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

Ауыл көркі басты назарда

Ауыл тұрғындарымен етене араласып, ұсыныс-пікірлерін ескере отырып жұмыс жасаймын.

Ақсу ауылын көркейтіп-көгалдандыру жұмыстарына, ауылдық маңызы автомобиль жолына жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал жасаймын.

Ақсу ауылының ішкі көшелерін күрделі жөндеуден өткізуге қолдау білдіремін.

Ауылдағы мобильді интернет байланыс жиілігі мен жылдамдығын көтеру бағытында жұмыстар жасаймын.

Ауылдық елді мекенде аяқ су мәселесін ретке келтіремін.

Ақсу елді мекеніне газ тарту желілерінің және жеткізуші газ құбырының құрылысын салуды қамтамасыз етемін.

Сондай-ақ ауылда балабақша және балаларға арналған ойын, спорт алаңдарын салуға ықпал жасаймын.

Ауыл халқының тазалықты сақтау мәдениетін арттыру, жастар арасында тазалықты насихаттау шараларын ұйымдастыру бойынша қызмет етемін.

Кәсіпкерлік – дамудың дара жолы

Кәсіпкерлік ел экономикасының басты секторы екені белгілі. Осы орайда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, сол арқылы ауылға бизнес өкілдерін тартып, тұрғындар әлеуетін арттыру басты назарымда болмақ.

Қазіргі таңда қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау арқылы кәсіпкерлікті қолдау және шағын, орта бизнестің дамуына үлес қосамын.

Ауыл тұрғындарының қолайлы өмір сүруі үшін әлеуметтік теңсіздікке жол бермеймін.

Білім беру, спорт саласы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты міндетім

Ұлт болашағы балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, бүлдіршіндердің толықтай балабақшамен қамтылуына, оқушылар мен мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ықпал жасаймын.

Жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмыстарын жандандыруға күш-жігерімді саламын.

Құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға ықпал жасаймын.

Ауылдық округте қылмыстың, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейнебақылау камераларын орнатуға жұмыс жасаймын.

Ауылдық округтегі үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсетемін.

Жастардың деструктивті діни ағымға еріп кетпеуі мақсатында танымал теологтарды шақыртып, семинарлар ұйымдастыруды қолға аламын.

Құрметті сайлаушылар!

Менің сайлауалды бағдарламамда ауыл тұрғын-



дарының әлеуетін арттыруда атқарылатын барлық жұмыстар шет қалмады деп ойлаймын. Енді тек соны жүзеге асыру – менің басты мақсатым. Әуелі Алла, сіздердің қолдауларыңызға ие болсам, мақсатымды іске асыру өмірлік ұстанымым болмақ. Сол себепті әрқашан ауыл тұрғындарымен кері байланыс орнатуға дайынмын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№7 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Елеусінов Өмірзақ Тұрымбетұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Елеусінов Өмірзақ Тұрымбетұлы 1963 жылы 27 шілдеде Жалағаш ауданы Коммунизм көншарында, қазіргі Мөрәлі Шәменов ауылында дүниеге келген. 1985 жылы Жамбыл гидромелиорация құрылыс институтының Қызылорда филиалын «Инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын 1985 жылы Жалағаш ауданы Жаңадария кеңшарында құрылыс шебері болып бастаған. 1985-1987 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген. 1987-1994 жылдары Жалағаш аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінде, МПМК-08 мекемесінде инженер-құрылысшы; 1994-1998 жылдары «Жігер» ЖШС төрағасы; 1998-2004 жылдары Жылжымайтын мүліктер орталығы Жалағаш аудандық филиалының басқарушысы; 2004-2008 жылдары Жалағаш кентінің әкімі; 2008-2009 жылдары «БТА Банк» АҚ-ның аудандық бөлімшесі бастығы; 2009-2013 жылдары Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі бастығы; 2013-2014 жылдары Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы; 2014-2018 жылдары Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. 2018 жылдан бастап Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы қызметін атқарып келеді.

Құрметті сайлаушылар!

Осы уақытқа дейін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына шама-шарқымызша еңбек еттік. Осы жолда жиган тәжірибемді әлі де өңірдің өркендеуіне жұмсаймын. Алдағы сайлауға үміткер ретінде арнайы бағдарлама әзірлеп, онда өңірдегі өзекті мәселелерді қамтыдым. Ал оның шешімін табуға жұмыс жасау үшін сіздердің қолдауларыңыз бәрінен маңызды. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаңызды дауыс беруге шақырамын.

Сайлауалды бағдарламасы

Өңірді көркейту – басты міндетім

- Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы, өзекті мәселелері бойынша түрлі деңгейдегі атқарушы, өкілетті органдар алдына мәселе көтеріп, оң шешімін табуға ықпал ету;
- М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай елді мекендерін көркейту-кеғалдандыру, абаттандырылуына, аяқ су мәселесінің шешілуіне, кіреберіс жолдардың, ішкі көшелердің жөнделуіне, жарықтандырылуына жұмыс жасау;
- Елді мекендерді газдандыру, электр жүйесін қайта жаңғырту жұмыстарына ықпал ету;
- Қаракеткен ауылында дәрігерлік емхана құрылысы және 150 орындық ауылдық клуб

құрылысы, Далдабай елді мекенінде 100 орындық ауылдық клуб құрылысы жобаларын облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023-2027 жылдардағы кешенді жоспарына енуіне жұмыс жасау;

Мақсат – әлеуметтің әлеуетін арттыру

- Ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен қаржылай қолдауға шаруа қожалықтардың толық қолже-тімділігін қамтамасыз ету;
- Жастарға, олардың кәсіпкерлік бастама-ларына қолдау көрсету;
- Жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбек етуге, тазалыққа тәрбиелеу жұмыстарының кешенді шараларын ұсыну;
- Қазіргі таңда қоғамның басты дерті сыбайлас жемқорлықпен күрестің алғы шебінде болу, мем-лекеттік органдар қызметінің мөлдірлігін, ашық-тығын қамтамасыз етуге өз құзіреті шегінде ықпал ету;

Әділетті Қазақстан құру – тарихи жауапкершілік

- Жаңа, әділетті Қазақстанды құру жолындағы еліміздегі саяси жаңғыру, экономикалық өзгеріс-тердің жергілікті жерлерде орындалуына атсалысу;
- Қазіргі таңдағы күрделі мәселенің бірі – дін, жастардың жаппай теріс бағыттағы діни ағымның жетегінде кету қаупінің алдын алу жұмыстарының



кешенді түрде жүргізілуіне өз құзіреті шегінде ықпал жасау;

11. Сайлаушылармен тұрақты кездесіп, олар-дың мұң-мұқтажын ескеріп, тиісті органдарға ұсыныс қойып, олардың оң шешілуіне ықпал жасау.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№7 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Наурызбаев Ерболат Сабыровичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Наурызбаев Ерболат Сабырович 1980 жылы 19 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келді. 1987-1997 жылдары Қаракеткен ауылындағы №114 орта мектепте білім алып, 1997 жылы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің «Тарих» факультетіне оқуға түсіп, 2001 жылы «Тарих пәні оқытушысы» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2001-2002 жылдары Алматы қаласындағы 5572 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеді. 2006 жылы №114 орта мектепке тарих пәні мұғалімі болып қабылданды. 2008 жылдан бері аталған білім беру ордасында мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары, оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді. Еңбек еткен жылдардан бері білім ордасының дамуына өз үлесін қосып келеді. Ауылда әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Әртүрлі марапаттардың иесі, аудандық білім бөлімінің, Қызылорда облысы білім саласындағы сапаны бақылау департаментінің алғыс хаттарымен, Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Құрмет» грамотасымен, «Атамат» партиясының «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Көптеген қайырымдылық акциясына қатысып келеді. «Мектепке жол», тұрмысқа төмен, аз қамтылған отбасыларына, мүмкіндігі шектеулі жандарға тағы басқа қайырымдылық шараларға белсене араласып, көмек беріп келеді.

Отбасылы, 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Құрметті жерлестер!

Мен Тәуелсіз Қазақстан республикасының азаматы ретінде, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында халыққа қызмет етуді өзімнің азаматтық борышым деп санаймын. Мен білім саласында қызмет жасаймын. Сонымен қатар басқа салалардың да дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Еліміздің саяси өмірінде оң өзгерістер болып жатыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Мен сайлаушылардың сенімінен шығып, депутат болып сайлансам, аудан көлеміндегі өзекті мәселелердің шешілуіне жұмыс жасаймын. Сайлауға қатысушы кандидат ретінде мен өз сайлауалды бағдарламамды төмендегіше ұсынамын.

Халық тұрмысын жақсарту – басты бағыт

- Өз өнімдерін шығаратын жаңа кәсіпорындар ашу мақсатында аудан кәсіпкерлеріне қолдау көрсету;
- Елді мекендердің тозған асфальт көшелеріне қайта жаңалау жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;
- Елді мекендердегі электр бағандары мен сымдарының өсірілгендігі белгілі. Сондықтан кезең-кезеңімен ауыстырылып, жаңалау жұмыстарының жүргізілуін басты назарға алу;
- Барлық салада жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыру;
- Елді мекендерге аяқ су келтіру мақсатында

арықтар қазу, көмілген арықтарды тазалау, ауыл көшелеріне түрлі ағаштар отырғызу, саябақтар жасауға ықпал ету;

Тұрғындар әлеуметтік тұрғыда қорғалуы керек

- Аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету, ыстық тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етілуін, сауықтыру-демалыс лагерлерінде болуына қолдау көрсетіп, бақылауға алып отыру;
- Ауылдар бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін медициналық нысандарды жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне ықпал ету;

Жастар – елдің үкілі үміті

- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша ауылға келген жас мамандарды тұрақтандыру мақсатында тұрғын үймен қамтамасыз ету, көтерме жәрдемақысын алу жұмыстарының орындалуына жағдай жасау;
- Балаларға арналған спорт алаңдары мен мәдени нысандардың салынуына ықпал жасау, оларға спорт, мәдени мұра мен шығармашылық белсенділіктерін насихаттау және дамыту үшін жағдай жасау;
- Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, жастар арасында мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру, жастар саясатын жүзеге асыру, жастарды қоғамдық-саяси өмірге тарту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу;
- Елді мекендерді газдандыру жұмыстарының жүргізілуіне ықпал ету;



12. Жастарды тұрақты жұмыспен қамту; 13. Жастарды қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына жағдай жасау.

Құрметті сайлаушылар!

Мен сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңызды ақтауға және болашағымыз үшін жұмыстар ұйымдастыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Сіздерді өз таңдауын дұрыс жасайды деп үміттенемін!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№7 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Байжанов Жантас Нағыметұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Байжанов Жантас Нағыметұлы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шәменов атындағы ауылда 1979 жылдың 27 маусым күні дүниеге келген. 1986-1996 жылдары Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектепте 11 жылдық білім алған. 1998-2002 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жоғары білім алған. 2002-2009 жылдары Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектепте мұғалім болған. 2009-2010 жылдары Қаракеткен ауылындағы №114 орта мектепте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған. 2010-2014 жылдары аудандық білім бөлімінде әдіскер. 2012-2013 жылдары «Ақтерек» сауықтыру лагерінде білім бөлімінің бұйрығымен маусымдық директорлығын қоса атқарған. 2014-2015 жылдары аудандық «Ақтерек» сауықтыру лагерінде директор болып еңбек етті. 2015 жылдан бастап М.Шәменов ауылындағы Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектепте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарып келеді.

ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН! АСА ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Мені тұлғатіп өсірген, сапалы білім мен саналы тәрбие берген туған жерім М.Шәменов ауылының сенімін арқалап, ел үмітін ақтау, халықпен санаса отырып, арман, тілек, мақсаттарына қол жеткіне көмек беру – менің басты қағидам.

Қазіргі уақытта Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біздің алдымызда сіздермен бірге туған өлкеміздің экономикалық әл-ауқатын көтеру, жаңа реформаларды та-бысты іске асыру және әділетті Қазақстанды құру міндеті

тұр.

Өздеріңіз білетіндей 2023 жылдың 19 наурыз күні еліміз бойынша ҚР-ның Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау науқаны өтеді. Осы сайлау барысында М.Шәменов ауылында орналасқан №7 сайлау учаскесінен аудандық мәслихат депутаттығына өзін-өзі ұсыну тәртібі бойынша үміткер болып орымын. Осындай жауапты кезеңде ел болып бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауызбіршілік таныта білсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Туған жерін түлету, қызмет жасау, оны көркейту әрбір адамзат баласының арманы деп білемін. «Туған жерге тағзым», «Туған жерге туыңді тік» деген ұлағатты сөздер бекер айтылмаған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сайлауалды бағдарламасында атап көрсеткендей, шалғай жатқан ауылдарды дамытуды, экономикалық әл-ауқатын көтеруді, ауыл өміріне жаңаша жан бітіруді атап айтқан болатын.

Соның негізінде мен өз ауылымды дамыту мен көркейтуге ат салысып, осы алда болатын сайлау додасына түсіп, өз бағымды сынап көрігім келді.

Осы жоғарыда айтылған, ауыл азаматтарының көптен көкейінде жүрген түйткіл мәселелерді шешу және бірге жұмыс жасау үшін сайлауалды бағдарламама маңызды деген мәселелерді енгізе отырып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып отырған «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында ауыл адамына мемлекет тарапынан берілетін көмек пен жеңілдіктер аясын кеңейту – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Ауыл айналасындағы жайылымдық жер ауқымын кеңейту.

Бұл мәселенің ауыл халқын толғандырып келе жатқанына да қаншама жылдар болды. Отбасы мен

балаларының игілігі үшін әрбір отбасы мал асырап, оның рахатын көргісі келеді. Осы мәселенің оң шешімін табу үшін аянбай еңбек етемін.

М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай елді мекендеріне газ тарту жұмысын жөделдетуге ықпал ететін боламын. Далдабай ауылының көшелерін жарықтандыру, жолдарына асфальт төсеу жұмыстарына атсалысамын.

Ауыл балаларының ойын алаңдарын салуды, бос уақытын сол талапқа сай ойын алаңдарында өткізуді іске асыруды қолға аламын.

Ауыл халқының бірден-бір мәселесі – жұмыссыздық. Тұрақты жұмыспен қамту, жұмыс көздерін ашу жолын таба отырып, жұмыссыздықты жоюға атсалысатын боламын.

Әрбір отбасы көктем мезгілінде ауласындағы азын-аулақ жерлерінде бақша егіп, жемісін жегісі келеді. Осы орайда ауылдағы аяқ су мәселесін түбегейлі шешуді қолға аламын.

Ауылдағы әлеуметтік нысандарды, яғни мәдениет үйі, мектеп, емхана, балабақша ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу мәселесін шешу де күн тәртібімнен түспейді.

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Біздің алдымызда тың идеяларға ашық, сыни және креативті ойлай алатын, ізденімпаз, өмірін білім мен кәсіби қабілетін жетілдіруге арнауға дайын азаматтарды тәрбиелеп шығару мақсаты тұр. Ол үшін ауылдарда «Өнер» мектебінің ғимаратын салуға жұмыс жасау және түрлі бағыттағы үйірмелер мен спорттық секциялар ашу, оған ауыл жастарын тарту мақсаты тұр.

Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып отырған «Жайлы мектеп» жобасы аясында алдағы уақытта мектеп ғимаратының жанынан мектеп сыйымдылығының аздығына байланысты жаңа бастауыш ғимарат жұмысы мен талапқа сай спорт зал салдыру кезек күттірмейтін мәселе екенін айтқым келеді.

«Жасыл мектеп» жобасы аясында меңенаттар мен демеушілер тарта отырып, мектеп жанынан «Жылыжай»



ашуды, балаларды осы жылыжайда еңбекпен тәрбиелеумен, зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолайлы жағдай жасауға жұмыс жасаймын.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салты мен денсаулығын нығайту мақсатында 5-7 сынып оқушыларын мектеп асханасынан бір мезгіл тамақтануды ұйымдастыруды жүзеге асыруға ықпал етемін.

АСА ҚЫМБАТТЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Осындай сындарлы кезеңдерде ел аманатын арқалай отырып, ауылымыздың болашағына бейжай қарамайтын барша азаматты өзімнің сайлауалды бағдарламамда атап көрсетілген біршама жобаларымды жүзеге асыруды қолдауға, Жаңа Қазақстан құру идеясының төңірегіне бірігуге, халық болып бастамаларға бірге атсалысуға шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Қабылдау



Әлемді жүрегімен әлдилеген

8 наурыз – ер азаматтардың назарынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі. Осы күнді ақ шашты қариядан бастап жас жеткіншектерге дейін асыға күтеді. Бұл күн – отбасы берекесі мен ұйытқысы болып табылатын біздің аналарымыз, жарымыз, әпкелеріміз бен қыздарымызға жарқын көңіл мен жақсылық тілейтін күн. Аудан әкімінің орынбасары Арнұр Әлібекұлы өз саласының үздіктері атанған арулар мен іскер аналарды қабылдап, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтады. Мерекелік кешке жиналған нәзікжандыларға облыс әкімінің алғыс хатын және аудан әкімінің мерекелік құттықтауын табыстады.

Жандос ЖАЗКЕН

– 8 наурыз – ақжаулықты апаларымыз бен аналарымыздың, қарындас-тарымыздың, ару қыздарымыздың төл мерекесі. Сіздер өздеріңіздің ізеттіліктеріңізбен, сыпайылықтарыңызбен өмірді шуақтандырып, жақындарыңыз бен туыстарыңызға жылу сыйлайсыздар. Қазақ әйелі бағзыдан даланы қорғаған, ерлермен бірге ерлік жасаған. Қазақ әйелі тек қана ошақ басының емес, бүкіл өмірін, ұрпағын сақтаған, ерліктің үлгісін көрсеткен. Бесік тербейтін, батырды өсіретін, ұлтымызды сақтайтын, ертеңгі ерлерді өсіретін әйел, келін, ана. Тәуелсіз еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне білесіп сыбана кірісіп, қиын-қыстау кезеңде демеу бола білгені үшін аналар қауымына алғыс айтамыз. Сіздерге сәттілік пен шаттық көңіл серік болсын. Ер азаматтардың сыйластығы

мен құрметіне бөлене беріңіздер. Әрдайым өдемі, жылы жүректі аналық абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін. Зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілеймін, – деді аудан әкімінің орынбасары Арнұр Әлібекұлы.

Жиында өңірдің дамуына үлес қосып, қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген аналарымыз бен қыз-келіншектер сөз алды.

– Әйел затының міндеті – сырттай қарағанда «отбасы, ошақ қасы» секілді қарапайым көрінгенімен, нақтырақ зер салсақ, үй ішінің шаруасы-кәсібімен айналысып, бала-шағаны бағып-қағу, өсіру, ағайын жұрттың береке-бірлігіне ұйытқы болу сияқты ең бір маңызды істер әйелге жүктеліп, әр шаңырақтың тұрмыс-тіршілігі, хал-ахуалы да осы үйдегі ақжаулықты аналарымыздың тірлігі болып көледі. Өз басым әйелді осылай деп бағалаймын. Өйткені адам-

затты жарататын – әйел, ұлпатын кө-бейтетін – әйел, ұрпақты ұластыратын – әйел, еркекті ер ететін – әйел. Бір сөзбен айтқанда, дүниенің тірегі – әйел. Махаббаттың асыл нұры – әйел. Өмір деген алтын сарай есігінің күміс кілті – әйел махаббаты. Сіздерді көктемнің шуақты күнімен тұспа-тұс келген 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамымен шын жүректен құттықтап, әрқашан толысқан айдай ажарланып, күлімдеген күндей нұрланып, шаттық пен қуанышқа бөленіп, береке-бірліктің бастаушысы, игі істердің қостаушысы болып жүре берулеріңізге тілекшімін, – деді ауданымыздың іскер азаматшасы Құлпаш Қанатшаева.

Көктемнің шуақты күнінде өткен іс-шара, ерекше көңіл күйде өтті. Өңір өнерпаздарының қатысуымен ән мен биден шашу да болды. Жалпы, құр-метке бөленген аудан арулары ме-

рекелік іс-шарадан керемет әсер алып, аудан басшылығына алғысын жеткізді. «Шуақ шашты жаныма гүл көктемім, Ортасында отырмын гүл дестенің. Ақ батасын алмасам жақсылардың, Бақыттың не екенін білмес пе едім» деп өлең арнаған ақын Айкүміс Орынбаева нәзікжандылар қауымын мерекемен құттықтады.

– Көктемнің осы бір ең жарқын мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Арулар, сіздер – адам-заттың ең бір асыл перзенттері ғана емессіздер, сонымен бірге табиғат бой-ларыңызға ақыл мен тәзім, іскерлік те дарытқан абзал да ізгі жансыздар! Баршаныңа мол бақыт, істеріңіздің сәтті болуың, қазақ еліндегі бейбіт пен тыныш өмірдің шырқы бұзылмауын тілеймін. Әр шаңырақтың ырысы ортай-масың, балаларыңыз бен жақын-жұра-ғаттарыңыздың барлығы да аман-сау, денсаулықтары мықты болып, сіздердің жан-жүректеріңізден ертеңгі күнге деген сенім мәңгілік айнымасқа, – деді ол.

Мерекелік шара өңіріміздің өнерлі, іскер қыз-келіншектерінің қолынан шыққан бұйымдары қойылған көрмені тамашалаумен жалғасып, аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлының атынан сый-лықтар мен гүл шоқтары табысталды.

Семинар

Қаржылық тәртіпті нығайту – маңызды міндет

Қаржы саласы мемлекет дамуында ерекше рөлге ие екені айтпаса да түсінікті. Себебі ол – экономиканың құрамдас бөлігі, ал экономика елдің дамуын айшықтайды. Қаржы секторындағы ахуал мемлекеттің дұрыс ұйымдастырылған саясаты мен мамандар біліктілігіне және қаржы саласының ашықтық жағдайына байланысты болады.



Апта басында Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясымен «Қаржылық бұзушылықтардың алдын-алу және қаржылық тәртіпті нығайту» тақырыбында семинар-кеңес ұйымдастырылды. Оған облыстық қаржылық бақылау органдарының өкілдері және аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, аудан әкімі аппаратының, аудандық мәслихат аппаратының, аудандық бөлімдердің, ауылдық округтердің, көңіттің, мәдениет үйлері мен клубтардың бас-шылары мен есепшілері, сонымен қатар аудан аумағында орналасқан бюджеттік ұйымдардың, яғни білім бөлімі, мек-тептер, балабақшалар, орталық аурухана, спорт мекеме-лері басшылары мен қаржы жөніндегі жауапты мамандары қатысты.

Жиында алдымен қаржылық бақылау органдарының өкіл-дері баяндама жасады. Есепшілер мен қызметкерлер тара-пынан қойылған бірнеше сұрақтарға да тұшымды жауап берді. Жалпы, семинар кеңесті ұйымдастырудың негізгі мақсаты мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу және қаржылық тәртіпті нығайту болып табылады. Себебі қаржы маман-дарының, есепшілердің және бірінші басшылардың немің-райлығынан биыл аймақта, оның ішінде ауданда бірнеше олқылықтар орын алған.

Мәселен, Қызылорда облысы бойынша тексеру комис-сиясымен бытыр жүргізілген 22 аудиторлық іс-шара бойынша 228 аудит объектісі қамтылған. Нәтижесінде ҚР заңнамасы нормаларының, квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің сақталмауынан жалпы құны 30,9 млрд теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде 29,5 млрд теңгені құрайтын мемлекеттік сатып алулар, сатып алынған негізгі құралдар мен қорларды тиісті шоттарға кірестемегеннен және шығындарды түрлеріне қарай шығыстардың тиісті шотына шығыстамағандан, таза кірістің бір бөлігін тиісті бюджет кірісіне есептемеу фактілері орын алған. Ал тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты 0,4 млрд теңгені, тиімсіз жоспарлау 1 млрд теңгені көрсеткен. Анықталған 29,5 млрд теңге қаржылық бұзушылық мемлекеттік аудит жүргізу бары-сында дереу қалпына келтірілген. Сондай-ақ мемлекеттік аудит нәтижелерімен сот, үкілетті органдар және тексеру комиссиясымен қарау үшін 600 аудит материалы жолданып, 152 аудит материалы бойынша 33,2 млн теңге өкімшілік айыппұл салынған. 448 тұлға «ескерту» түріндегі өкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар қылмыстық қудалау органдарымен 2 қыл-мыстық іс қозғалса, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің жанындағы тәртіптік кеңесте 3 тәртіптік іс қаралып, 3 тұлға, 1-еуі лауазымынан босату, 1-еуі қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту және 1-еуі ескерту түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша 136 нұсқама қабылданып, тиісті мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға 268 тапсырма мен ұсыным берілген.

Семинар кеңес қорытындысымен мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор басшыларына есепші маман-дарды арнайы курстардан оқытып, біліктілігін арттырып отыру қажет екені айтылды.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

40 күн өтті өзіңсіз

Өмір деген – есі жол адам – керуен. Заман – көп уақыт – жел. Аяулы бауыр, ардақты жар, қамқор әке Төшкенбаев Ермек Шаймаханұлының өмірден озғанына да қырық күн өтті. Кеше ғана ортамызды толтырып отырған жан бауырымыздың айбынды тұлғасы, жарқын жүзі біз үшін бүгін елесіе айналды. Ол жайында енді тек жан жылатар естеліктер ғана айтып отырмыз. Жақынның жанында өткен шақпен сөйлеу қандай ауыр еді?

Ермек Шаймаханұлы 1966 жылы 12 ақпанда Жалағаш кентінде дүниеге келді. Жастайынан еңбек-сүйіш, талапшыл еді. Әр салада жемісті еңбек етті. Салмақты, сабырлы, байсалды, бауырмал болмысымен өзінен кейінгілерге үлгі болды. Адамгершілігі, мәрттігі ағайынның, жора-жол-дастарының арасындағы сый, беделін арттырды. Әрбір айтқан астарлы өзілі айналасын күлкіге көметін, өзгелерге ой салатын. Ұзақ жыл төн азабын тартса да, жақындарына салмақ салмады, сыр білдірмеді. Жан дүниесіндегі арпалысты күлкімен жеңді. Рухы мықты еді. Ертеңгі күнге деген үміті үлгілен жоқ, оның жарына, балаларына, бауырларына деген махаббаты, өмірге деген сүйіспеншілігі ерік-жігерін шыңдап, күш берді. Тағдырдың басқа салған сынағына мойымады. Өзі үшін ғана емес, отбасы, бауырлары үшін өмірінің соңына дейін қатал тағдырмен күресті. Бірақ пенде пешенесіне жазылған дем-тузын татып, Алладан хабар келген күні кеудендегі шыбын жан өз Иесіне қайтады екен. Төшкенбаев Ермек Шаймаханұлы небары 57 жасында жарық дүниемен қоштасты. Артында аяулы жары, перзенттері, немерелері қалды. Жары мен ұрпағы барда шаңырағының оты өшпейді.

Өзіңді сағынып еске алып, рухыңа құран бағыштадық. Жатқан жайың жарық, топырағың торқа болсын.

Қалтыратты бізді қыстың қаһары. Оны ойласам, көңіл мұңға батады. Аттандырдық арамыздан бәз оны, Жалғандағы түгесіліп сапары.

Өзің жоқсың, күңгірт тартар үйің шың. Көңіле ыстық көздің жасы құйылыс. Сен жетпеген тәтті де ұзақ ғұмырың, Артыңдағы ұрпағыңа бұйырсың!

Көктем келді, жанарымыз жылап тұр. Керісіндей көңілдерден құрақ, гүл. Жыл құсымен оралар деп күтіп ең. Ораламдың, өмір деген сынақ бұл..

Еске алушылар бауырлары, жұбайы Гүлзат, қыздары, күйеу балдары, немерелері

№6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Боранқұлов Абай Байпанұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Боранқұлов Абай Байпанұлы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда кәсіппен айналысып, ауыл шаруашылығы саласында күршіс егугемен айналысуда.

Ақсу ауылында 2018 жылдан бері егін шаруашылығын бастап, 70-ке тарта тұрғынды жұмыспен қамтып отыр.

«AB AGRO ORDA» ЖШС құрылтайшысы, «Ақбостай» ШҚ басшысы ретінде Ақсу ауылында спорт саласына демеушілік жасап, аудан бойынша жеңіс тұғырында Ақсу елді мекенінің атын шығаруға өз үлесін қосқан.

Ардагерлерді ардақтау – ізгілікті үрдіс. Өмір бойы табанды еңбек етіп, сындарлы кезеңдер-де күш-жігерімен қайраткерлік танытқан қазы-налы қарттарымызды құрметтеп, еліміздің рухани астанасы Түркістан қаласына саяхат ұйымдастырған.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отба-сыларды қолдау, оларға тиісті көмек беруді азаматтық борышым деп біледі. Тұрғындардың қолайлы жағдайда болуы, әрбір тұрғынның сапалы өмір сүруі – ол үшін абырой.

Жалағаш кенті мен Ақсу ауылында «AB AGRO ORDA» және «Ақбостай» ЖШС арқылы көптеген жобалар қолға алынуда.

Осы арқылы жұмыссыздық деңгейінің түсуіне және тұрғындардың әл-ауқатының ар-туына тиісті жұмыстар атқарылады.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті жерлестер! Құрметті ауылдастар!

Биылғы саяси додаға №6 сайлау округі бойынша депутаттыққа түсуге бел будым. Сайлаушылардың сеніміне ие болсам, елді мекеннің дамуы бойынша өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

1. Тұрғындардың жайлы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында Ақсу ауылына газ кіргізу жұмыстарына өз ықпалымды тігіземін. Аталған жұмыстың аяқсыз қалмауы, сапалы болуы және уақытында халыққа жетуі бірінші кезектегі жұмыс болмақ.

2. Сапалы жол адам өмірінде орын алатын құндылықтардың бірі дер едім. Ақсу ауылындағы ішкі көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сонымен қатар аудандық маңызы бар Ақсу ауылына кіреберіс автомобиль жолының жөндеуіне және Ақсу-Беркімбай көпіре аралығындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолының күрделі жөндеуіне атсалысамын.

3. Тұрғындардың амандығы мен балалардың қауіпсіздігі басты мәселе. Яғни Ақсу ауылына заманауи үлгідегі көшелерді жарықтандыру бойынша тиісті шаралар қолға алынады.

4. Ақсу ауылының мәдени ошағы саналатын ауылдық клуб ғимараты мен кітапхана апаттық жағ-дайда. Ауылымыздың мәдениетін көтеру, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға басымдық беріп, мәдени шаралардың өткізілуіне атсалысатын боламын. Ол үшін жаңа ғимарат қажет. Ауылда жаңа клуб және жаңа кітапхана ғимараты бой көтеруіне ықпал жасаймын.

5. Жас спортшылардың тәжірибе жинауына және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақса-тында Ақсу ауылындағы футбол алаңын қайта жаңғырту және ауылдық спорт мектебін спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ететін.

6. Ақсу ауылында сапасы сын көтермейтін электр желілері бар. Аталған ауылға 2023 жылға тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұ-рылымы құрылысының толық аяқталуына бақылау жүргізілетін болады.

7. Ауылдың гүлденуі – еліміздің гүлденуі. Ақсу ауылының азаматы ретінде балаларға арналған ойын алаңы салынатын болады. Бұнымен қоса ауылымызды абаттандыру мақсатында орталық саябаққа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ауылдың көркейту көгалдандыру жұмыстарының барлығы жеке қаражатым арқылы жүзеге асатын болады.

8. Өз сайлау округіме қарайтын «Береке» учаскесінде шешімін таппай көле жатқан мәселелер бар. Бұл мәселелердің шешімін табу барысында тұрғындармен бірлесіп билікке жеткізу мақсатында жұмыстар атқарылады. Яғни аталған учаскеге көркейту-көгалдандыру аясында балалар ойын алаңын салу, абаттандыру, тазалық жұмыстары мәселелерінің шешімі табылатын болады.

9. Тұрғындардың ұсынысы негізінде сапасы сын көтермейтін ПМК-09, А.Нұрғалиев көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



Құрметті ағайын! Құрметті сайлаушылар!

Алға қойған жоспарларымыздың орындалуына жиган тәжірибем мен қаржы-қабілетімді, күш-жігерімді жұмсаймын. Мұның барлығы елдің игілігіне негізделген. Әлбетте алдымен сіздердің қолдауларыңыз бәрінен маңызды. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаныңыз маған дауыс беруге шақырамын. Мен үшін елдің мүддесі бәрінен жоғары.

Жаңа Қазақстан! Сөзбен емес, іспен дәлелдейтін заман.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Көзқары редактор: Жандос ЖАЗКЕН

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Түпсырыс №402